

## Жасы келген азаматтарға қамқорлық жасау

2022 жылдың 28 мамырында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Жас Орда» жастар қауымдастығының құрамына кіретін «AQNIET» жастар қайырымдылық ұйымы еріктілерімен бірігіп, қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының оқытушылары (каф. меңгерушісі - ф.ғ.к., доцент Қ.С. Қалыбекова) «Благодать» қарттар үйінің тұрғындарымен кезекті кездесу өткізіп, оларға шайға тағамдар мен өз көңілдерін сыйлап қайтты.

«Благодать» қарттар үйінің қызметкерлері мен тұрғындары іс-шара ұйымдастырған оқытушылары және «AQNIET» жастар қайырымдылық ұйымының еріктілеріне өз алғыстарын білдірді.

